

Көшені қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 тамыздағы N 2005 қаулысы, Зырян ауданы мәслихатының 2013 жылғы 21 тамыздағы N 21/4-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 қыркүйекте N 3059 болып тіркелді

Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2013 жылғы 17 маусымдағы шешімін қарай келе, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4)-тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Зырян ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Зырян ауданының мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Зырян қаласының Киров көшесі Академик Арықтай Қайыпов көшесі деп қайта аталсын.

2. «Зырян ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі аудан бюджетін түзету кезінде көшені қайта атауға байланысты жұмыстарды орындауға қаражат қарастырсын.

3. «Зырян қаласының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейін көшені қайта атау бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы мен шешімнің орындалуына бақылау Зырян ауданы әкімінің орынбасары Қ.Ш. Ерембесовке және Зырян ауданы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Р.Р.Карагужина) жүктелсін.

5. Осы қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Зырян ауданының әкімі		Сессия төрағасы	
	Е.Сәлімов		С. Мангулова
		Зырян ауданының	мәслихат хатшысы
			Г.Денисова